

ЖАМБЫЛ АТЫНДАҒЫ ҰЗЫНАҒАШ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ
УЗЫНАГАШСКИЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ ЖАМБЫЛА




КЕЛІСЕМІН
Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары

Адилғазиев А.

БЕКІТЕМІН

Жамбыл атындағы
Ұзынағаш кәсіптік
колледжінің директоры


Б.Б.Алтаев

2026 ж



«КӨҢІЛДІ БАУРАП, ЖҮРЕКТІ ЖАУЛАЙТЫН СЫРЛЫ СӨЗ»
Жазушы Есболат Айдабосынның
шығармалары бойынша
ЖАРЫС

2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: жазушының шығармаларын насихаттау арқылы оқырманның әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыру және үздік оқырманды анықтау әрі ынталандыру

Өткізу күні, уақыты: 02 ақпан 2026 жыл, сағат 15-00

Өткізілетін орны: Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжі

Өткізу формасы: офлайн

Қатысушылар: студенттер

Ақпараттық қолдау: «Атамекен» газеті. Жамбыл ауданы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым.

БАҒДАРЛАМА

№	уақыты	мазмұны	жауапты
1	15.00-15.05	«Жұмысшы мамандықтар» би, «Жамбыл ауданы» хор.	студенттер
2	15.05-15.08	Қазылар алқасымен таныстыру.	жүргізуші
3	15.08-15.12	«Әдебиет әлеміне сүлікқараға мініп келдім!» жазушы Есболат Айдабосын	экранда видео
4	15.12-15.30	«Кім зерек?» атты «Сүлікқара»; «Ақтанау»; «Қоңыр» топтары арасында жарыс	студенттер
5	15.30-16.00	«Ұшқыр ой иесі!» атты көрермендермен викториналық ойындар	жүргізуші
6	16.00-16.05	Марапаттау рәсімі.	қазылар алқасы
7	16.05-16.10	«Атамекен» әні Сөзі: Қ. Мырзалиев Әні: Е. Хасанғалиев	студенттер

Жүргізуші (Ербол): Армысыздар құрметті қонақтар, ардақты ұстаздар! Бүгін «Көңілді баурап, жүректі жаулайтын сырлы сөз» атты жазушы Есболат Айдабосынның шығармалары бойынша жарысқа келдіңіздер.

Жүргізуші (Айгерім): Сіздерге бүгінгі кеш қонақтарымен таныстырып кетейік:

- Қазақстан Республикасының білім беру үздігі, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледж директоры Алтаев Болат Бекбосынович
- Қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі Оспанбаева А.К
- Арнайы пән оқытушысы Умирзакова А.Б.

Жүргізуші (Ербол): Құрметті кеш қонақтары экранға назар аударыңыздар (экранда жазушы туралы видео көрсетіледі).

Жүргізуші (Айгерім): Құрметті қонақтар, ал енді жазушы Есболат Айдабосын ағаның шығармашылығы туралы «Кім зерек?» атты кішігірім жарыс ұйымдастырып жіберсек. «Сүлікқара» тобы жетекшісі Сейтқанқызы Дениз; «Ақтанау» тобы жетекшісі Молдабаева Гульнур; «Қоңыр» тобы жетекшісі Қарамурзаева Зауреш, үш топ қатысады. Жарыс 3 кезеннен тұрады.

Жүргізуші (Ербол):

1-ші кезен. Әр топтың команда капитаны, өздерін таныстырып кетсін.

2-ші кезен. Команда мүшесі жазушы Есболат Айдабосынның шығармаларын тізіп жазып, атап кетсін.

3-ші кезен. Жазушы Есболат Айдабосынның шығармалары бойынша дайындалған сұрақтарға жауап берсін.

Жүргізуші (Айгерім): Бірінші болып бастайтын «Ақтанау» тобы жетекшісі Молдабаева Гульнур.

Жүргізуші (Ербол): Келесі кезек «Қоңыр» тобы жетекшісі Қарамурзаева Зауреш.

Жүргізуші (Айгерім): Жарысымызды аяқтайтын «Сүлікқара» тобы жетекшісі Сейтқанқызы Дениз.

Жүргізуші (Ербол): Құрметті кеш қонақтары, ендігі кезекте «Ұшқыр ой несі!» атты көрермендермен викториналық сұрақ-жауап ойынымен жалғастырайық. Барлықтарыңыз атсалысып отырсаңыздар, қойған сұраққа кім дұрыс жауап береді, соған кішігірім сыйлықтарымыз бар.

Жүргізуші (Айгерім): «Күй ұран» бір күйдің тарихы кім туралы жазылған?

Жүргізуші (Ербол): Дұрыс айтасыздар, Байсерке Құлышұлы – күйші, домбырашы, Жетісу күй мектебінің негізін салушылардың бірі (1841-1906). Оның «Ат ойыны»; «Жекпе-жек»; «Солқылдақ»; «Толқытатын күй» соның ішінде осы әңгімеге арқау болып отырған «Ұран күй» атап кетсек болады.

Байсерке күйшінің «Толқытатын күйін» тындасақ, орындайтын «Сазген» фольклорлы-этнографиялық ансамблі. Экранға назар аударайық.

Жүргізуші (Айгерім): «Қарға қырылған...» әңгімеде ақын Жұматай Жақыпбаевтың қандай өлеңі айтылды?

Жүргізуші (Ербол): Дұрыс айтасыз, ақын Жұматай Жақыпбаевтың «Бір күлермін ғарыш жаққа кетерде» өлеңі.

Осы ақын Жұматай Жақыпбаевтың өлеңін бізге 1 курс А-52-25 топ студенті Оңдасын Балайым оқып береді. Қарсалыңыздар.

Жүргізуші (Айгерім): «Қамшыұстар» әңгімеде Ырысбай қария немересі Толағай «Қамшы деген қой айдайтын зат па?» деп сұрағанда не жауап берді?

Жүргізуші (Ербол): Иә, қой айдайтын зат бишік деп аталады, мынау қамшы. Қазақтың әрбір жігітінің өз қамшысы болу керек – деп, жауап береді.

Осы қамшыны көрсетіп, шебер-сынып өткізетін арнайы пән оқытушысы Сағындық Дидар. Қарсалыңыздар.

Жүргізуші (Айгерім): «Сүлікқара» атты хикаятта «...өзгелердің тайына шауып жүрсем де Сүлікқараны сағынам, Сүлікқарамен салыстыра отыра осы кітапты оқимын, оқимын да өзгеге білдіртпей жылап аламын» - деп, қай жазушының шығармасы туралы айтылып отыр.

Жүргізуші (Ербол): Иә, дұрыс айтасыз, Тәкен Әлімқұловтың «Тұлпардың тағдыры».

Енді бізге осы шығармадан үзіндіні өндірістік оқыту шебері Мерейхан Ерқанат оқып береді. Қарсалыңыздар.

Жүргізуші (Айгерім): «Азап мен Мазақ» әңгімеде Жауғашты түрмесінде әйелдерге арналған түзету мекемесінде жазасын өтеп жатқан жас қыз Бағым «Қолыңыздан келсе қайраныз!» деп өтініш білдіріп едім ғой: «...аға сіз жіберген дискідегі өлеңдердің ішінде осы бір терме ерекше ұнайды. Жаныма жақын. Әрбір айтқан сайын, алқымма өксік тығылып, көзіме жас келеді. Құдды осы өлеңді ақын маған арнап шығарғандай әсер етеді»- деп жазады. Қай ақынның термесін айтып отыр?

Жүргізуші (Ербол): Дұрыс айтасыз, Есенқұл Жақыпбектың «Алдай-ау» термесі, әнші Ақан Әбдуәлі орындаған.

Ал қазір осы термені Ғабит Шырынбековтың орындауында тындасақ. Экранға назар аударайық.

Жүргізуші (Айгерім): «Қызыл сақа» әңгімеде Өкіреш қандай асықты «Қызыл тайпақ» деп, атайды.

Жүргізуші (Ербол): Иә, дұрыс жауабы «Қызыл тайпақ» атанған, қошқардың шикіл сақасы. Қалай иірсең де алшысынан түсетін, тәйке тұрғаны сирек.

Осы асық ойнаудан шебер-сынып көрсететін аудан және облыс чемпионы, 2017 жылы Қазақстанда тұңғыш рет болған «Патриот Қазақстан» реалити шоу жобасының қатысушысы, бапкер, «Дене шынықтыру» пән мұғалімі Әділхан Дәулет. Қарсалыңыздар.

Жүргізуші (Айгерім): келесі кезекті марапаттау рәсіміне берсек.

Жүргізуші (Ербол): «Атамекен» әні орындалады.

Қосымша бет

**«Кім зерек?» атты
«Қоңыр»; «Сүлікқара»; «Ақтанау» топтар арасында жарыс.**

1-ші кезен. Әр топтың команда капитаны, өздерін таныстырып кетеді (*девиз, эмблема*).

«Қоңыр» тобы (ақ жиде көк галстук), жетекшісі Қарамурзаева Зауреш
«Сүлікқара» тобы (ақ жиде, сары галстук) жетекшісі Сейтқанқызы Дениз
«Ақтанау» тобы (ақ жиде жасыл галстук) жетекшісі Молдабаева Гульнур

2-ші кезен. Команда мүшесі жазушы Есболат Айдабосынның шығармаларын тізіп жазып, атап кетсін.

<i>№</i>	<i>Шығарма атауы</i>
1	
2	
3	
4	
5...	

1. Азап пен Мазақ (әңгіме)
2. Аманат (әңгіме)
3. Ең қысқа әңгіме
4. Жаза
5. Ит тірлік (әңгіме)
6. Кутуз (эссе)
7. Күй ұран (бір күйдің тарихы)
8. Қайда барамыз?.. (әңгіме)
9. Қамшыдұстар (әңгіме)

10. Қара қарға (әңгіме)
11. Қарға қырылған... (әңгіме)
12. Қоңыр боти (әңгіме)
13. Қызыл сақа (қаз - қалпында)
14. Менің атам (эссе)
15. Соңғы намаз
16. Сүдікқара (хикаят)
17. Сырттанның итаяғы (әңгіме)
18. Тибет аруы (эссе)
19. Тұлпар серті (хикаят)
20. Ұлыма

3-ші кезең. Жазушы Есболат Айдабосынның шығармалары бойынша дайындалған 3-нұсқадағы сұрақтардың біреуіне топ мүшелері жауап береді.

I-нұсқасы.

№	сұрақ	жауаптары
1	«Қоңыр боти» әңгімеде басты кейіпкер Қадрон Ұзынағаштағы аудандық ауруханада екі айға жуық жатып шыққанда қандай кітап оқыды?	Марк Твен «Том Сойер»
2	«Менің атам» атты эсседе, атам бізге кей кездері кітап оқытып қоятын. Сол оқыған кітаптар ішінде ерекше әсер еткен екі кітаптағы, екі қарттардың образы. Ол кімдер?	Мұхтар Әуезов «Абай жолындағы» Даркембай қартпен, Азильхан Нурпеисовтың «Қан мен Тердегі» Сүйеу қарттың образдарына сүйсінді.
3	«Тұлпар серті» атты хикаятта бас кейіпкер Оғланды, Бекбосын шалдан: «Кертілген ауыздығы қалай?» деп сұрайды.	Ауыздықтың оң жағын төске салып, үш жерден кертіп қояды.
4	«Сырттанның итаяғы» әңгімеде өріктің безінен шабылған, сырттанның итаяғы – яғни, ыдысы қайда сақталып тұр?	Тігерге тұяқ қалмаған кәмпескелеу кезі мен ішерге ас таппаған ашаршылық заманынан аман өткен итаяқ ел аман, жұрт тынышта отқа жағылыпты.
5	«Қара қарға» әңгімеде басты кейіпкер Шынар апа тұп тура 99 жыл, 9 ай өмір сүріпті, соғыс жылдары ауыл қатындары «Қара қарға» деп, атап кетіпті. Неге? «Жүзге келді арты той ғой» - демеді. Неліктен?	Әкелетіні қара қағаз болғандықтан, яғни естіретіні ер-азаматтың қазасы.
6	«Қамшығұстар» әңгімеде қамшы жасап отырған Ырысбай қария: «Ара	Қамшының өрімін осылайша ширатпаса, болбырлау шығады

	–арасында қолына шырты еткізіп түкіріп, сілекейімен өрімді сулап қояды» не үшін? (Мағынасын түсіндіріңіз, ауызша жауап)	балам. Уақыт өте келе тарқатылып кетуі мүмкін. Ал мынадай илеуден өткен өрім берік болады, әрі өткір келеді деді.
--	---	---

II-нұсқасы.



№	сұрақ	жауаптары
1	«Қайда барамыз?» әңгімеде басты кейіпкер Есболат балалық шағын еске алып жұрт бізді «Сырлан и его команда» деп, атап кетті дейді. Орыстың қай жазушысының кітабына еліктеп атады?	Аркадий Гайдар «Тимур и его команда» повесть желісі бойынша аталды.
2	«Қарға қырылған...» әңгімеде бүкіл әлемді жаулаған жұқпалы қандай ауру туралы тақырып қозғалды?	Ковид-19 (коронавирус).
3	«Сырттанның итаяғы» әңгімеде басты кейіпкер «тазы» иттің жасын нешеге келді деп, санап береді?	Ит бір жылда төрт жасағанда... Қарсақ тұмақты көршім тазының жасын есептеп ойланып қалды. Бұл жануар биыл он тоғызға шығады екен деді.
4	«Ит тірлік» әңгімедегі «Ызғыттың» тағдыры не болды?	Кәрі тазы ит пен баланың жанары жарқ етіп тоғысты да, қатар сөнді.
5	«Кутуз» атты эсседегі басты кейіпкердің есімін атаныз, лақап аты қалай пайда болды?	«Кутуз» - шын есімі Әскербек. Көзі бір жасынан соқыр. Құндақта жатқанда сол жақ жанарын кірпі сорып кетіпті. «Кутузов» деп мектепте жүргенде Келгенбай қойған «ов» түсіп қалған.
6	«Сырттанның итаяғы» әңгімеде «...сырттанның сарқытын ішкен тазы» дейді, неге бұлай айтады? (Мағынасын түсіндіріңіз, ауызша жауап).	Кенесарының Көкдауылын білуші ме едің – деді құпиялап. Мынау соның итаяғын жалаған саңлақ... яғни, ит атаулының мықтысы деген мағынаны білдіреді. «Көкдауылды көріп сүйсінген Кенесары, Қалшаға ханның тәжін кигізіп жіберіпті...» деген аңыз бар дейді.

III-нұсқасы.

№	сұрақ	жауаптары
1	«Азап мен Мазақ» әңгімеде жас қыз Бағым былай деп хат жазады: «Аға!!! Ана жолы сіз маған алты томдық роман жібердіңіз ғой. Сол шығармада, бас кейіпкер Биғабылдың «Менің өмірге келуімнің өзі қылмыс» деген сөзімен басталмаушы ма еді. Сол секілді менің де өмірге келуім қылмыс екен. Менің әкем мен шешем біреу: ол – қылмыс» – дейді. Қандай кітап туралы айтып отыр, авторы кім?	Қажығұмар Шабданұлының «Қылмыс» романы. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына қарасты «Атажұрт» баспасынан шыққан.
2	«Тұлпар серті» атты хикаятта Ақтанаудың жаңа есімі пайда болды дейді. Ол қандай есім?	«Ракета»
3	«Ұлыма» атты хикаятта Ержанат қазақтың ұлы ғалымы әл-Фарабидың қандай сөзін келтірді?	«Адамға білімнен бұрын тәрбиені үйрет». Әл-Фараби
4	«Сүлікқара» атты хикаятта Алмабектің Сүлікқара деген тайын неліктен атып тастайды?	Ауылға құтырған түлкі кірген. Көшенің басындағы иттер оны жабылып, талап өлтіреді. Артынша өздері құтырып адам мен малға шабады. Соның бірі Сүлікқара
5	«Ит тірлік» әңгімеде басты кейіпкер Киізбеттың шын есімін атаныз?	Шын есімі Сәулет. Сәулет те шомбал дене, көзінің айналасынан өзге жерді сақал басқан, өң-тұрпаты далалықтан гөрі таулықтарға келетін жігіт ағасына жараса қоймайтын ныспы. Сондықтан Киізбет қырықтан асқанда Кенжәлі қойған атқа бой үйреткен
6	«Ұлыма» атты хикаятта Алтынбек мергеннен немересі «Оңқа» деген не деп сұрайды. (Мағынасын түсіндірініз, ауызша жауап).	Жалғыз оқ тура жүрекке барып қадалады. Қозы құмалағындай қорғасын тиген сәтте жұдырықтай жүрек соғысын тоқтатқан, жануар да тұрған орнында қатып қалған. Аңшы оңқа тұрғызған күні мылтығын баласына аманаттайды, оңқаны

		аңшылықтың ұшар биігі санайды. Осымен тоқтамаса аңның киесі ұрады деп сенеді.
--	--	---

«Кім зерек?» атты топтары арасындағы жарысты

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

№	Бағалау критерий	«Сүлікқара»	«Ақтанау»	«Қоңыр»
1	Девиз, эмблема			
2	1-тапсырма. Таныстыру.			
3	2-тапсырма. Шығармаларды атап, тізіп жазып шығады.			
4	3-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап береді. (6-ші сұрақ ауызша).			
5	4-критерий. Сөйлеу мәдениеті, ойын еркін жеткізуі, өзін ұстауы т.б.			
6	Қорытынды.			

Қатысушыларға берілетін марапаттар:

«КӨҢІЛДІ БАУРАП, ЖҮРЕКТІ ЖАУЛАЙТЫН СЫРЛЫ СӨЗ» атты жазушы Есболат Айдабосынмен кездесу кеш аясында «Кім зерек?» атты жарыс жеңімпазына

I-дәрежелі диплом

II-дәрежелі диплом

III-дәрежелі диплом, беріледі.

«КӨҢІЛДІ БАУРАП, ЖҮРЕКТІ ЖАУЛАЙТЫН СЫРЛЫ СӨЗ» атты жазушы Есболат Айдабосынмен кездесу кеш аясында «Шебер сөз несі!» 1 курс А-52-25 топ студенті Оңдасын Балайымға Мақтау қағазы.

«КӨҢІЛДІ БАУРАП, ЖҮРЕКТІ ЖАУЛАЙТЫН СЫРЛЫ СӨЗ» атты жазушы Есболат Айдабосынмен кездесу кеш аясында «Ұшқыр ой несі!» атты викториналық сұрақ-жауап ойынның жеңімпаздарына сыйлық.